

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің
ректоры PhD профессор
Ахмад Хусейн Мухаммад
Ибраһим

« 5 »

2024 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

КЕ- Нұр-Мубарак ЕИМУ -7.3-2024

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы 2024

| | | |
|---|---------------|------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | ЕИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 41 беттің 2 беті |

АЛҒЫ СӨЗ


1. Ғылыми кеңестің №2 хаттамасы 31.10.2024 ж. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлеген – Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы А.Б.Акимханов;
3. ЕНГІЗІЛДІ – 2024 ж.
4. Тексерілу мерзімі – 2026 ж.

Келісілді:


Проректор

Зангер

Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі

 Е.А. Онғар

Н. Абдығали

 Ш.А. Адилбаева

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер
2. Диссертациялық кеңес қызметін ұйымдастыру
3. Диссертациялық кеңестің функциялары
4. Диссертацияларды қабылдау және қарау ережелері
5. Диссертациялық кеңес жұмысының тәртібі
6. Комитетке аттестациялық істі тапсыру тәртібі
7. Апелляцияны өткізу тәртібі
8. Қорытынды ережелер
9. Қосымшалар

| | | |
|--|----------------------|---|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 2 беті |

1-тарау. Жалпы ережелер

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (бұдан әрі - Университет) жанынан құрылған Исламтану/Дінтану бағыты бойынша диссертациялық кеңесі туралы үлгі ережесі "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 30) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Министрлік туралы ереже) 15-тармағының 118) тармақшасына сәйкес әзірленді.

1. Исламтану/Дінтану гуманитарлық бағыттары бойынша Диссертациялық кеңесі (бұдан әрі- Диссертациялық кеңес) – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі - Комитет) философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге ұсыныс беретін алқалы орган болып табылады.

2. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданған шешімдердің сапасына, дұрыстығы мен негізділігіне жауап береді.

2-тарау. Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

3. Диссертациялық кеңес күнтізбелік 3 (үш) жыл мерзімге құрылады. Мерзімі аяқталған жағдайда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс беру арқылы қайта құрылады.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2023 жылғы 14 шілдедегі №344 бұйрығының 1-Қосымшасына сәйкес Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанынан келесі 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша диссертациялық кеңес құрылды:

- 8D02201 – Исламтану;
- 8D02202 – Дінтану.

5. Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс.

| | | |
|--|----------------------|---|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 3 беті |

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады және олар басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Бұл ретте 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар білім беру салалары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының 6-тармағына сәйкес кеңестің уақытша құрамына докторанттың диссертациялық жұмысына пікір беретін 1 (бір) шетелдік ғалым тартылады. Шетелдік ғалым келесі талаптардың біріне сәйкес келеді:

1) шетелдік ғалымның жұмыс орны Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкинг оф Ворлд Юниверситиес) немесе Times Higher Education World University Rankings (Таймс Хайер Едукейшн Ворлд Юниверсити Ранкинг) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) халықаралық рейтингінің топ-500 (бес жүз) құрамына кіретін университет болып табылады;

2) шетелдік ғалым соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базаларында индекстелетін журналдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу жариялаған;

3) шетелдік ғалымда Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли және Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында (бұдан әрі –

| | | |
|--|----------------------|-------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 4 беті |

сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографиясы бар.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тең авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

6. Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) Диссертациялық кеңес құрылған ЖОО-ның ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

7. Диссертациялық кеңестің құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады.

8. Диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады.

Диссертациялық кеңесте кеңес мүшелерінің соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының

| | | |
|--|----------------------|-------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 5 беті |

Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

9. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы университет Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

10. Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Жолданым/шағым болған жағдайда Комитет тиісті диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңесте өткен қорғау рәсімін тексереді

12. Университет:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

13. Нақты білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

| | | |
|---|---------------|-----------------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2024 |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 6 беті |

1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар жөніндегі 3 (үш) және одан да көп шешімі;

2) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясынан айыру;

3) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеуді кері қайтарып алу;

4) осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды диссертациялық кеңес 5 (бес) реттен көп бұзған жағдайда диссертациялық кеңес жабылады.

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылықтармен өткен жағдайда).

3-тарау. Диссертациялық кеңестің функциялары

14. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіліп, Комитет шешіміне жолданады.

Диссертациялық кеңесте қорғалған диссертациялық жұмыстар бойынша Комитеттің 2 (екі) теріс шешімі болған жағдайда Университеттің Ғылыми кеңесі диссертациялық кеңесті жаңа құрамда бекітеді.

Диссертациялық кеңес құрамы және қызметі туралы ақпарат Университеттің интернет сайтында орналастырылады:
<https://www.nmu.edu.kz/kk/>.

Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін Диссертациялық кеңес осы ереженің **1-қосымшасына** сәйкес Комитетке жасалған жұмыстар туралы есеп береді.

15. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

15-1. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:

| | | |
|--|----------------------|-------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 7 беті |

- 1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;
- 2) диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;
- 3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;
- 4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;
- 5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;
- 6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;
- 7) Комитетке жолдау үшін құжаттар топтамасын дайындау.

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

16. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- 6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дәрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

17. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес Үлгі ереженің 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

18. Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелер беру қағидаларының 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациясын қорғауды өткізеді.

| | | |
|--|----------------------|-------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 8 беті |

19. Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант университет кафедрасының кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ университеттің аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады. Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертация қорғауға жіберілмейді.

Қорғауға ұсынылған диссертацияға берілген ескертулермен келіскен жағдайда, докторант оларды диссертациясын диссертациялық кеңеске тапсырғанға дейін жояды.

Кеңесшілер болмаған кезде отырыста докторант диссертациясы бойынша олардың пікірлерін төрағалық етуші оқиды.

Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін университет кафедрасының немесе құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

20. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант университет ректорына өзі қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған ЖОО 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді. Докторант қорғау үшін таңдаған ЖЖОКБҰ-да ЖЖОКБҰ дербес бекіткен тәртіппен кеңейтілген отырыс өткізуге жол беріледі.

21. Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;
- 2) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;
- 3) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалатын болса);
- 4) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация. Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу

| | | |
|--|----------------------|-------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 9 беті |

міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

5) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

б) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Үлгі ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

22. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды.

Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар.

Диссертацияны қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

23. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

| | | |
|---|---------------|-----------------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | KE- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2024 |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 10 беті |

- 1) Комитет қызметкерлері;
 - 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
 - 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері;
 - 4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.
 - 5) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.
23. Диссертациялық кеңес университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:
- 1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекен-жайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;
 - 2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);
 - 3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, өзектілігі, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;
 - 4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
 - 5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
 - 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 11 беті |

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) осы Үлгі ережеге 3-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

12) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

13) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

14) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

15) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (Үлгі ережеге 4-қосымшаға сәйкес);

16) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

24. Диссертациялық жұмыс университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 12 беті |

доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін университеттің интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

25. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды. Диссертациялық кеңестегі қорғаулар бойынша хабарламалар Комитеттің интернет-ресурсында түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа).

26. Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалануы үшін мәліметтері бар диссертацияларда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдалануы ҰМҒТСО-да немесе Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдарында комиссия негізінде тексеріледі.

27. Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштағы данасы университет кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

28. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске Үлгі ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 13 беті |

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;

2) Диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді.

3) Егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту;

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

29. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және университет интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

30. Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат университет интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 14 беті |

31. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

32. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде: отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы; интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;

отырыстың бейне- және аудиожазбасы; диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

33. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 15 беті |

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

34. Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

35. Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

36. Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 16 беті |

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Үлгі ереженің 32-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

37. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған диссертациялық кеңес құрылған ЖОО бланкісінде ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ҰМҒТСО-ның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы ұсынылады;

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 17 беті |

6) осы Үлгі ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы Үлгі ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке «пдф (pdf)» файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестациялық істерден басқа).

38. Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы Үлгі ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындайды. Қорытынды ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

39. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған ЖОО шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

Апелляцияны өткізу тәртібін ЖОО өз бетінше бекітеді.

40. Апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ЖОО-ның интернет-ресурсына орналастырылады.

41. Осы Үлгі ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

ДИССЕРТАЦИЯНЫ АЛДЫН АЛА САРАПТАУ

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 18 беті |

Диссертациялық кеңес докторант ұсынған диссертацияны диссертациялық жұмыс немесе докторант жариялаған мақалалар сериясы түрінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелер беру ережесінің 5-1, 6 тармақтарының тармақтарына сәйкес жүргізеді.

Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған ЖОО кафедрасының кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Жоғары оқу орнының докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ ЖОО-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін ЖОО кафедрасының басшысы не оның орынбасары оқиды.

Докторант білім алған жоғарғы оқу орны кафедраның кеңейтілген отырысында диссертациясының талқылануын қамтамасыз етеді. Бұл үшін докторант кафедраға келесі құжаттарын ұсынады:

- 1) түптелмеген түрдегі диссертация;
- 2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 3) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;
- 4) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалар (транскрипт көшірмелері);
- 5) ғылыми кеңесшілерді және тақырыбын бекіту туралы хаттамадан (бұйрықтан) көшірме.

29. Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ мәндес кафедралардың ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады.

30. Кафедра отырысында диссертацияны қарау және талқылау келесі тәртіппен жүргізіледі:

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 19 беті |

1) Кафедра отырысы төрағасының сөйлеуі (диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілердің бекітілген уақыты, докторантура бағдарламасы аясындағы докторанттың шетелдік тағылымдамасының уақыты мен орны туралы мәліметтер беріледі);

2) Докторанттың сөйлеуі;

3) Кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары мен докторанттың оларға жауаптары;

4) Ғылыми кеңесшілердің сөйлеуі (кеңесшілер болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін кафедра (бөлімдер, орталықтар) меңгерушісі оқиды);

5) Рецензенттердің сөйлеуі;

6) Рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауабы;

7) Кафедра отырысына қатысушылардың пікірталасы;

8) Шешім қабылдау (шешім қабылдау ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады).

31. Кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан көшірме жасалып, Университеттің проректоры арқылы бекітіледі. Кафедрада алдын-ала қорғаудан оң нәтижемен өткен докторант құжаттары диссертациялық кеңеске құжаттарын өткізеді.

Докторант Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттарды ұсынады:

1) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері;

2) кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

3) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертация;

4) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;

5) докторант оқыған ЖОО-ның жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Ғылыми еңбектерінің тізімінде (диссертация тақырыбы бойынша кемінде 4 (төрт) ғылыми жарияланған еңбек), оның ішінде:

- уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш);

- Thomson Reuters компаниясының ғылыми журналдар базасының немесе Scopus деректер базасына кіретін деректері бойынша квартилі 3 тен кем емес, процентилі 25% тен жоғары болған халықаралық ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) (мақаланың тақырыбы мен ғылыми зерттеу бағыты диссертация тақырыбына сай болу керек);

Жарияланған ғылыми еңбектердің тізімі (3-қосымша) үлгісі бойынша ресімделуі, докторант білім алған жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы қол қоюы тиіс.

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 20 беті |

Жарияланған ғылыми еңбектердің тізіміне жарияланымдардың көшірмелері енгізілуі қажет.

1) Докторант білім алған жоғары оқу орнындағы Ғылыми кеңес мәжілісінің диссертация тақырыптарын бекіту туралы хаттамасының көшірмесі, жоғары оқу орны ректорының ғылыми кеңесшілерді тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;

2) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдарының және оның қосымшалараның нотариалды куәландырылған көшірмелері (докторант аты-жөнін ауыстырған болса, аты-жөнін ауыстырғаны туралы растайтын құжат ұсынылады);

3) Оқу орны бойынша жоғары оқу орны ректорының қолы қойылған транскриптің көшірмесі;

4) Оқу орны бойынша расталған еңбек кітапшасының көшірмесі, суретімен бірге кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ.

Диссертация мына тілдердің бірінде ұсынылады – қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдері.

33. Құжаттарды қабылдауды Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады, оларды кемінде 2 (екі) жұмыс күнінде тіркейді және Диссертациялық кеңеске ұсынады.

34. Диссертациялық кеңес мүшелеріне (1/3-інен аспайтын) диссертацияны қорғауға қабылдау отырысына бейне-конференция нысанында қатысуға рұқсат етіледі.

3. Диссертациялық кеңестің жұмыс істеу тәртібі

1. Диссертациялық кеңестің мәжілісі Диссертациялық кеңес төрағасының төрағалығымен жүргізіледі.

2. Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы бір мезгілде болмай қалған жағдайда диссертациялық кеңестің мәжілісі өткізілмейді.

3. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы диссертациясы қаралып отырған докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде өз міндеттерін атқара алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау Диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі.

4. Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін және стенограммамен рәсімделуін қамтамасыз етеді.

5. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі), диссертациялық кеңестің мүшелерінен отырысқа әр мамандық бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда заңды болып саналады (келу парағы —6-Қосымша).

6. Рецензенттердің бірі болмаған жағдайда (дәлелді себептер бойынша) оның пікірін ғалым хатшы оқиды.

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 21 беті |

7. Рецензенттерге Диссертациялық кеңестің қорғау бойынша мәжілісінде on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

8. Диссертацияларды қорғау ғылыми пікірталас сипатында болуы қажет. Бейнежазбаға түсіріледі, қорғау рәсімінің барлығы стенограммамен рәсімделеді.

9. Диссертациялық кеңестің мәжілісінде 1 (бір) диссертация қорғалады. 1 (бір) күн ішінде көп дегенде 2 (екі) мәжіліс өткізіледі.

10. Диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес мәжілісінің рәсімі мыналарды қамтиды:

- төрағаның кворум (келу парағының нәтижелеріне сәйкес), мәжілісті өткізудің құқықтылығы, докторанттарды, мамандықтар мен диссертация тақырыптарын таныстыру жайында кіріспе сөз жасайды;

- ғалым хатшы докторанттың құжаттарының нормативтік талаптарына сай келуі, ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігі туралы мәлімет береді;

- докторанттың баяндама жасауы (20 минутқа дейін);

- докторантқа сұрақ, докторанттың жауабы;

- ғылыми кеңесшілердің сөйлеуі (әрқайсысы 7 минуттан көп емес);

- рецензенттердің сөйлеуі;

- докторанттың рецензенттердің ескертулеріне жауабы және олардың ұсынысы бойынша тұжырымдары;

- Диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;

- докторанттың қорытынды сөзі;

- төрағаны есептемегенде, Диссертациялық кеңес құрамынан есеп комиссиясына 3 адам сайлау;

- ғылыми дәрежені беруге ұсыныс жасау немесе аталған дәрежені беруден бас тарту мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді жүргізу;

- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөзі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

- көпшілік алдындағы қорғау нәтижелерін хабарлау;

- Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау бойынша шешім қабылдауы.

11. Диссертациялық кеңес докторантқа тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау немесе аталған дәрежені беруден бас тарту мәселесі бойынша шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді.

12. Диссертациялық кеңестің шешімі, егер оған отырысқа қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-і (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, оң қабылданды деп саналады. Егер оң шешімге мәжіліске қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-нен (үштен екісінен) кемі дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 22 беті |

13. Теріс шешім қабылданған жағдайда Диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереже мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген ғылыми дәрежелер беру ережесінің (бұдан әрі – Ереже) қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

14. Рецензенттердің, ғылыми консультанттардың пікірлерінің көшірмелері, төраға мен ғалым хатшы қол қойған диссертациялық кеңес мәжілісінің бейне жазбасы, стенограммасы мен қорытындысы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Комитетке жіберіледі.

15. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант Диссертациялық кеңесі шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді. Апелляция Университет ректорының атына беріледі.

16. Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман кіреді. Комиссия құрамына ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, Диссертациялық кеңестің немесе Ереженің 12-17-тармақтарына сәйкес жұмыс істейтін Комитеттің Сараптау кеңесінің мүшелері кірмейді.

17. Комиссия өз қызметінде осы Ережені және Қағидаларды басшылыққа алады.

18. Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, Диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау бойынша материалдарын қарастырады және ол құрылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

19. Комиссияның қорытындысын комиссия мүшелері ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылдайды және оған барлық комиссия мүшелері қол қояды. Комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда, Комиссия хаттамаларының көшірмелері, қорытынды және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі. Комиссияның қорытындысы оны қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

20. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 23 беті |

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден не Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда).

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Диссертанттың аттестациялық ісі, соның ішінде Комитетке аттестациялық істі тапсыру тәртібі

1. Диссертацияны қорғау бойынша оң шешім қабылданған жағдайда кеңестің ғалым хатшысы құжаттардың белгіленген тізбесіне сәйкес докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды.

2. Аттестациялық іс Комитетке диссертация қорғалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жіберілуі тиіс.

3. Аталған ережені орындауға жеке жауапкершілік кеңестің ғалым хатшысына жүктеледі.

4. Докторанттың аттестациялық ісінде мына құжаттар тапсырылады:

- Диссертацияның ҰМҒТСО АҚ-на жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған Университеттің бланкісінде ілеспе қолдау хаты;

- Берік түптелген және электрондық тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертация;

- Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

- Қазақ және орыс тілдерінде диссертацияның тіркеу-есеп карточкасы;

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 24 беті |

- Диссертацияның авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай бөтен материалды пайдаланғаны тексерілгені туралы ҰМҒТСО АҚ-ның анықтамасы;
- Ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 2 (екі) рецензенттің пікірі;
- Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;
- Төраға және ғалым хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының бейнежазбасы мен стенограммасы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалар (транскрипт көшірмелері);
- Докторантураның кәсіптік оқу бағдармаларын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;
- Докторант туралы мәлімет (7-қосымша)
- Университеттің кадр қызметі растаған жеке іс парағы. (Осы тізім толық түрде 8-қосымшада)

5. Аттестациялық істің екінші данасы бір жыл бойы ғалым хатшыда сақталады, содан кейін Университеттің мұрағатына акт арқылы тапсырылады.

6. Комитетке жолданатын барлық қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.

7. Қорғау өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Алматы қ. ҰМҒТСО АҚ-на мемлекеттік тіркеуге төмендегілер жіберіледі:

- қағаз және электрондық тасығыштарда түптелмеген күйіндегі диссертацияның бір данасы;
- ілеспе хат;
- қағаз және электрондық тасығыштарда үш тілдегі аннотацияның бір данасы;
- қағаз және электрондық тасығыштарда жарияланымдардың бір данасы;
- қағаз және электрондық тасығыштарда мемлекеттік және орыс тілдерінде диссертацияның есеп карточкасының үш данасы

8. Қорғаудан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде:

- қағаз және электрондық тасығыштарда диссертацияның данасы Университеттің кітапханасына тапсырылады;
- электронды тасығыштардағы диссертацияның даналарын (мемлекеттік құпиялары бар диссертациядан басқасын) Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына тапсырады.

Комитетке жолданатын құжаттар тізімі

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 25 беті |

1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетіле отырып, диссертациялық кеңес төрағасының қол қоюымен диссертациялық кеңес құрылған ЖЖОКБҰ бланкісіндегі ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ҰМҒТСО-ның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы ұсынылады;

6) осы Үлгі ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы Үлгі ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестаттау істерінен басқа).

1. Жауапкершілік және өкілеттілік

1. Диссертациялық кеңестің жұмысына жалпы жауапкершілік Диссертациялық кеңесінің төрағасына жүктеледі.

2. Диссертациялық кеңес бойынша барлық құжаттар бір күнтізбелік жыл ішінде ғалым хатшыда сақталынады, одан кейін белгіленген тәртіпке сәйкес Университеттің мұрағатына тапсырылады.

| | | |
|---|---------------|-------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | KE- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | EИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 26 беті |

3. Осы Ереже Университет ректорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережеге 1-қосымша

Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

| № | Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде) | Дәрежесі, ғылыми атағы | Негізгі жұмыс орны | Азаматтығы | Халықаралық ақпараттық деректері бойынша Хирш индексі | Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш-квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар | Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар |
|---|--|------------------------|--------------------|------------|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

| | | |
|--|----------------------|---|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 27 беті |

| | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

жанындағы

(ЖОО атауы)

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы «__» _____

| | | |
|---|---------------|-------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | KE- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | EИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 29 беті |

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге
3-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөнінде қабылдаған шешімдері туралы тоқсандық есеп

| № | Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)) | Туған жыл | Докторантурада оқыған кезеңі | Докторант оқыған ЖОО | Диссертация тақырыбы | Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә. (болған жағдайда), дәрежесі, жұмыс орны) | Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), дәрежесі, жұмыс орны) | Қорғау күні | Диссертациялық кеңес және апелляциялық комиссия (болған жағдайда) қабылдаған шешім | Диплом № |
|--|--|-----------|------------------------------|----------------------|----------------------|---|---|-------------|--|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| Мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | |
|--|----------------------|---|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 30 беті |

Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережеге
4-қосымша
Нысан

Әдеп комиссиясының қорытындысы _____
ЖОО атауы

| | | |
|----|---|---|
| 1. | Докторанттың ТАӘ | |
| 2. | Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы) | |
| 3. | Докторантурада оқу кезеңі | |
| 4. | Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі | |
| 5. | Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы | |
| 6. | Зерттеу объектілері | |
| 7. | Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет |
| 8. | Ғылыми зерттеу нәтижелеріне тарату процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет |
| 9. | Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді? | |

Әдеп комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Әдеп комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | ЕИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 31 беті |

Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережеге
5-қосымша
Нысан

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|-----------------------------|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; | |

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | ЕИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 32 беті |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; | |

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | ЕИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 33 беті |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | |
| 8. | Дәйектілік принципі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған | |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 1) ия; 2) жоқ | |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | |
| | | 1) ия; 2) жоқ | |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | |
| | | 1) ия; 2) жоқ | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: | |
| | | 1) ия; 2) жоқ | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | |
| | | 1) ия; | |

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | ЕИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 34 беті |

| | | | |
|-----|---|--|--|
| | | 2) жоқ | |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | |

| | | |
|--|----------------------|--------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | <i>КЕ- Нұр-Мұбарак</i> |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | <i>ЕИМУ -7.3-2024</i> |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 35 беті |

Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
б-қосымша
Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы «__» _____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № __

Докторант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша
диссертациясын қорғауы

| Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) | Дәрежесі | Отырысқа қатысуы (қолы) |
|---|----------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____


(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

| | | |
|---|---------------|-------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | КЕ- Нұр-Мұбарак |
| Сапа менеджмент жүйесі | Кеңес ережесі | ЕИМУ -7.3-2024 |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 40 беттің 36 беті |

Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
7-қосымша
Нысан

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



| | | | |
|------------------|---|----------------------|----------------------|
| 1 | Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты | | |
| 2 | Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі) | | |
| 3 | Докторантура мамандығы | | |
| 4 | Диссертацияның қорғалған орны және күні | | |
| 5 | Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі | | |
| 6 | Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы) | | |
| 7 | Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы) | | |
| 8 | Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде: | | |
| | Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда | | |
| | Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда | | |
| | халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде: шетелдік конференция материалдарында | | |
| 9 | Еңбек жолы | | |
| Қабылдау мерзімі | Босату мерзімі | Жұмыс орны, лауазымы | Мекеменің мекен-жайы |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| 10 | Мекен-жайы, байланыс деректері | | |

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр, мерзімі 20__ жылғы «__» _____

Бұйрыққа 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 31 наурыздағы
№ 127 бұйрығымен
бекітілген

Дәрежелер беру қағидаларына

1-қосымша
Нысан

_____ бойынша

Сараптау кеңесінің қорытындысы

20__ ж. «_____» _____

№ _____ хаттама

Тыңдалды:

_____ мамандығы/кадрлар даярлау бағыты
бойынша _____

_____ тақырыбындағы _____ диссертацияны _____ қорғау негізінде _____ докторант

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы қолдаухат бойынша
20__ ж. “_____” _____ (№ _____ хаттама)

_____ диссертациялық кеңестің шешімі туралы № _____ іс.

Сарапшы _____ тыңдап және істің
материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері _____

| | | |
|---|---------------|-----------------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | KE- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.1-2021 |
| Сапа менеджменті жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 7 беттің 38 беті |

5. Диссертацияда дәйектілік принципін сақталуы

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципін сақталуы.
Диссертацияның практикалық немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет).
Диссертация нәтижелері

_____ енгізілді.
Практикаға ендіру үшін келесі (ғылыми нәтижелерді пайдалану жөнінде практикалық және/немесе теориялық ұсыныстар) _____

_____ ұсынылады.
7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы

(бар немесе жоқ)

Плагиат болған жағдайда пайдаланған дереккөзі көрсетілген салыстырмалы кесте қоса беріледі.

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы ғылыми еңбек _____;

оның ішінде:

Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер _____;

басқа жарияланымдар _____ жарияланды.

Жарияланымдар Қағидалардың 6-тармағына _____
(сәйкес келеді/келмейді)

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі

Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының сақталуы _____

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімінің сақталуы

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер _____

| | | |
|---|---------------|-----------------------------------|
| Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті | | KE- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.1-2021 |
| Сапа менеджменті жүйесі | Кеңес ережесі | |
| Диссертациялық кеңес туралы ереже | | 7 беттің 39 беті |

11. Сараптау кеңесінің шешімі (тармақшалардың біреуі толтырылады):

1) Докторанттың аттестациялық ісі және диссертациясы Қағидалардың барлық талаптарына сәйкес келеді.

Сараптау кеңесінің қорытындысы - _____ мамандық/даярлау бағыты бойынша докторант _____

(докторанттың Т.А.Ә (болған жағдайда).)

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін берілсін.

2) Докторанттың аттестациялық ісі және диссертациясы Қағидалардың келесі тармақтарына сәйкес келмейді _____

(осы Қағидалардың қай тармақтарына сәйкес келмейтіні көрсетіледі).

Сараптау кеңесінің қорытындысы - _____ мамандық/даярлау бағыты бойынша докторант _____

(докторанттың Т.А.Ә (болған жағдайда).)

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартылсын.

3) Сараптау кеңесінің қорытындысы - докторант _____

(докторанттың Т.А.Ә (болған жағдайда).)

диссертациясы _____ мыналарды _____

(диссертациялық жұмыста нені жөндеу керек екені көрсетіледі)

жөндеу үшін пысықтауға жіберілсін.

4) Сараптау кеңесінің қорытындысы - _____ докторант _____

(докторанттың Т.А.Ә (болған жағдайда).)

диссертациясы қайта қорғауға жіберілсін _____

(диссертация Қағидалардың қай талабына сәйкес келмейтіні көрсетіледі)

Дауыс беру нәтижелері: «жақтап» дауыс бергені _____

«қарсы» _____

«қалыс қалғаны» _____

Төраға _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Ғалым хатшы _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Сарапшы _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)